



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ МЕН ОНЫҢ НЕГІЗГІ  
ЖОБАСЫ «ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ УСТАВЫНА» САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

**Үсен Жанибек**

Janibek\_shugaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Ж.И.Ибрагимов

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 20 жылдан асты. Осы уақытқа дейін осыған орай елімізде көптеген игі іс-шаралар өткен болатын. Бір сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ата Заңымыз жайлы: «Конституция – біздің барша табыстарымыздың бастауы. Елдігіміздің киелі кітабына айналған қастерлі құжат – тұрақтылық пен татулықтың тұғыры» - деген еді [1]. Шындығында, Конституция – кез келген мемлекеттің ұстанымын, тәуелсіздігін, ұлтының құндылығын айқындайтын негізгі құжат.

Осыған орай Конституциямыздың маңыздылығына, қалыптасу тарихына тоқталып өткен жөн. Себебі, бүгінгі таңда Конституциямыздың негізі, оның қалыптасуына арқау болған құжаттар жайлы көбі біле бермейді. Сондықтан еліміздің конституциялық дамуына байланысты тақырыптарды зерттеу, оларды қайта саралау өте қажетті деп ойлаймыз. Соның ішінде мемлекетіміздің конституциялық-құқықтық дамуына Алаш қайраткерлерінің өзіндік қосқан үлесі зор. Біз ғылыми тақырыбымыздың негізі ретінде сол Алаш қайраткерлерінің бірі, әрі бірегейі, кезінде бүкіл түркі тілдес халықтарға есімі әйгілі болған, өзінің ақыл-ой парасатымен, рухани деңгейімен тәуелсіздікке жетудің жолдарын қарастырып, елінің бостандығын көксеген ірі тұлға Барлыбек Сыртановтың конституциялық идеялары көрініс тапқан «Қазақ елінің уставын» алдық. Бұл тақырып қазақ заң ғылымында бұрыннан ең қажетті және ең өзекті тақырып болып келген және бүгінгі күннің өзінде бұл тақырып өз құндылығын жоймаған. Себебі, «Қазақ елінің уставы» толық ашылмаған, өз дәрежесінде зерттелмеген маңызды құжат болса, сол бір Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі жобасының авторы **Барлыбек Сыртанов та - үш жүзге жуық алашордашы зиялы қауымның ішінде әлі де өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқан, әлі де тарихшылардың қаламына ілікпей келе жатқан тұлғалардың бірі. Бұл туралы заңгер ғалым Сәкен Өзбекұлы өз еңбегінде: «...Мен кандидаттық диссертация қорғарда, «Петербург университеті Қазақстанның саяси және құқықтық ой-пікірінің тарихында» деген мәселені ұсынып тұрып, ұлағатты ұстазым академик, есімі шет елдерге таныс болған ірі ғалым Салық Зиманов «Петербург университеті түлектерінің ішінде Барлыбек Сыртанов ерекше. Ол зерттелмеген тұлға. Соны зерттеңіз» деуі тегін емес екенін 15 жыл жариясыз, астыртын ізденіс пен зерттеудің нәтижесінде анық байқадым», - деп жазған [2, 3].**

Сондықтан «Қазақ елінің уставы» жайлы сөз қозғамас бұрын, осы Жарғының авторы Барлыбек Сыртанов туралы қысқаша тоқтала кеткен жөн. Барлыбек Сыртанов қазақ еліне қатысты, Қазақстан Республикасына қатысты ең алғашқы конституциялық идеяларды, тұжырымдарды көтерген Алаш қайраткерлерінің бірі. Барлыбек Сыртановтың 1866 жылы бұрынғы Жетісу облысы, Қапал уезі, Арасан болысында дүниеге келген. Қоғам қайраткері. Әкесі Сыртан халыққа беделді болған. Тіпті оған арнап Жамбыл 1881 жылы «Сыртанға» атты өлең шығарған. Бұл өлеңінде: « ....Сендей қазақ аз шығар, үміт қылған баладан. Екі балаң жетілсе, құтыларсың табадан...». Осындағы Жамбылдың «екі балаң» деп отырғаны Барлыбек пен оның ағасы Тұрлыбек еді [3, 26]. Сыртанов Верныйдағы ер балалар гимназиясында орта білім алып, 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға түседі. Ол студенттік шағында сондағы жоғары оқу орындарында оқып жүрген М.Сералин, Б.Қаратаев, А.Теміров, Б.Құлманов секілді қазақ жастарымен бірлесіп, «Жерлестер» атты үйірме құруға атсалысты. Бұл үйірме мүшелері студент жастарға көмек көрсетуді ұйымдастырумен бірге саяси-әлсумсттік мәселелерді қызу талқыға салды. Университетті аяқтағаннан кейін Б.Сыртанов 1891-1894 жылдары Ташкент қаласында Түркістан генерал-

губернаторының қазыналық палатасында қызмет етті. 1903-1907 жылдары Б.Сыртанов Ресей мен Қытай шекарасының межесін тексеру ісіне атсалысты. «Айқап» журналында қазақ халқының әлеуметтік-саяси мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Сол тұстағы жергілікті халықтың мұң-мұқтажын айқындау, әрі оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жалпықазақ сиезін шақыру мәселесін көтерді. Оның мұндай ұсынысы С.Лапин, Р.Мөрсеков, Ж.Сейдалиев және Б.Қаратаев секілді қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапты.

Барлыбек Сыртанов өмір сүрген кезең қазақ елі үшін ауыртпалықтар мен қиыншылықтарға толы, қазақ қоғамы мүлде өзгертіліп, оның байырғы жағдайы, үйреншікті тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, салт-санасы түгел бұзылған кезең еді. Бұл кезеңде қазақ еліне қатысты, қазақ жеріне, оның бостандығына қатысты тәуелсіз пікір айту өте күрделі еді. Бірақ соған қарамастан, 1910-1913 жылдар аралығында Алаш қайраткерлерінің бірі Барлыбек Сыртанов өзінің конституциялық идеяларын айтып қана қоймай, сол конституциялық-құқықтық ойларды жинақтап, өз тарапынан құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің отары қатарынан шығаруды көздеген, қазақ елі үшін әлі күнге дейін құнды болып табылатын «Қазақ елінің уставы» деген үлкен саяси-құқықтық Жарғы әзірледі.

«Қазақ елінің уставы» жалпы 28 баптан тұрады. **Өкініштісі, оның қаламынан шыққан «Қазақ елінің уставы» ол кезеңде жүзеге асқан жоқ. Кеңестік тоталитарлық жүйеде бұл тіпті де мүмкін емес жағдай болатын.** Ең таң қаларлығы, сонау 1911 жылы жазылған уставқа бүгінгі заңгер, құқықтанушылар да қайран қалып, таңдай қағысады. **Себебі, тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясында, өзге де Заңдарымызда Сыртановтың идеялары, бүгінгі таңның өзекті мәселелері ішінара көрініс тапқан. Бұған дәлел ретінде Барлыбек Сыртановтың қазіргі Конституциямыздан сексен жылдан астам уақыт бұрын жазылған «Қазақ елінің уставы» мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясын салыстыра талдау жасай отырып баяндайық.**

*Теңдік.* Барлыбек Сыртанов уставтың кіріспе сөзінде: «Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін, қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астына жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасады. Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті... Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды һәм айдалаға, құмға ығыстырылды... Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін уставты кіргізеді» деп жазады. Расымен де, қай мемлекет болмасын, қай кезеңде болмасын оның құқықтық дамуында, заңнамасында адам құқықтары мен еркіндіктері жоғарғы рөлде тұрды және мән-маңызы ерекше болды. Осы орайда да «Қазақ елінің уставында» бұл мәселе назардан тыс қалмаған. Уставтың екінші «Адам баласының хұқы турасында» деп аталатын бөлімі адам теңдігі мәселесін көтереді: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек Құдай мен «заңның» алдында ғана жауап береді». Бұл сөздер Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясының 14-бабында көрініс тапқан. Б. Сыртановтың ұсынысы бойынша, қазақ елінде ер мен әйел тең, ал қазақи ерекшеліктер әйелдерді қорламайды, әйел келісімімен іске асады. Сондай-ақ, «...қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына һәм партияларға кіруіне тыйым жоқ». Б. Сыртановтың уставында біз араға сексен жыл салып келді деп жүрген демократияның негіздері жатыр. Мұның өзі әу баста Алаш қайраткерлерінің бүгінгі тәуелсіз, демократиялық қоғамды аңсағанын айшықтай түспек.

Бұл «Қазақ елінің уставының» тағы бір ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Қазақ елінің уставында қазіргі экстремистік, ұлтшылдық ұйымдарына қарсы заңнамалар да көрініс тапқан: «Нәсілдерді бір-біріне қарсы итеретін ұйымның, партияның, адам баласының істеріне тиым салынады. Кінәлілер заңға жауапты» [4, 36]. Барлыбек Сыртановтың бұл идеясы осы кезеңде біздің қоғамымызда өзінің көкейкестілігін жоймағанын аңғарамыз.

*Мемлекеттік басқару.* Қазіргі кезде біз Президенттік басқару туралы ой туғанда бірден батыс деректеріне, солардың құжаттарына жүгінуге дайынбыз. Біз өзіміздің Конституциямызға осы мемлекеттік басқаруға қатысты нормаларды Францияның Конституциясына негіздеп жасағанымыз белгілі. Ал Барлыбек Сыртановтың «Қазақ елінің уставы»-ның «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» атты бірінші бөлімінде (4-8-баптар) Президенттік басқаруға қатысты нормалар әлде қашан жазылып қойылған: «4.Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды. 5.Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ. 6.Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді. 7.Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің һәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады. 8.Қазақ елі Президентінің орынбасары – Вице-президент. Ол Президент жоқ болғанда орнын басады, бар кезде оның айтқанымен жұмыс істейді». Сонымен қатар, «Уставта» Барлыбек Сыртанов тоталитарлық жүйенің қалыптасуына жол бермейтін Ш.Л. Монтескьенің өкіметті бөлу теориясын арнайы баппен енгізген. «Егер заң шығаратын және атқарушы билік бір адамның немесе мекеменің билігінде болса, онда бостандық болмайды, себебі, бұл монарх немесе сенат тирандық заң жасай бастайды... Егер сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктерден бөлінбеген жағдайда да бостандық болмайды [5, 290]» деген Ш.Л. Монтескьенің ойын «Уставтың» 9-бабында мынадай мағынада берген: «Қазақ жерінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады» [6,58].

*Қазақ жері турасында.* «Қазақ елінің уставы» қазақ халқының бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келе жатқан мәселелерін атап көрсеткен. Әсіресе, III бөлімнің баптары қазақ жерін сақтап қалуға негізделген болатын: «19.Қазақ елінің жері саудаға түспейді, Құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты». Өкініштісі де сол, бүгінгі таңда қазақ жері заңды түрде сауда айналымына түсіп кетті.: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ Заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» [7, 4].

*Тіл мәселесі.* Көптеген мемлекеттердің Конституцияларында тек мемлекеттік тілі ғана көрсетіледі, яғни ресми тіл, не болмаса тең қолданылатын тіл деген тармақтары көрсетілмейді. Бұрын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары болған шағында Бауыржан Байбек өз сөзінде:Мемлекеттік қызметкерлердің әрқайсысы өзінің құзыретін дәлелдеуі қажет, сонымен қатар олар қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген болуы шарт. Соның ішінде қазақ тілін білу – «А корпусындағы» жоғары құзырлы мемлекеттік қызметкерлердің барлығына қойылатын міндетті талап болып табылады, – деді [8, 24]. Яғни, қазақ тіліне қатысты қойылатын талаптар бірте-бірте өз күшіне еніп келеді. Бүгінде Елбасының араласуымен енді-енді ғана қозғау алып жатқан, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін міндетті еркін білуі де Б. Сыртановтың уставында көрініс тапқан еді. «Судьялар қазақ тілін білуі шарт. Басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеу хұқы бар» дейді Б. Сыртанов. Ал, біздің қазіргі Ата Заңымыздың I бөлім, 7-бап, 1-тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілгенмен, екінші тармақ қазақ тілін орыс тілі алдында жығып беріп отыр: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады».

*Сот турасында.* АҚШ-тың Конституциясы бойынша судьялар сенаттың «кеңесі және келісімімен» өмір бойы тағайындалады [9, 29]. Ал, «Қазақ елінің уставында» сот билігіндегі әділетсіздіктерді болдырмаудың да өзіндік жүйесі жасалған. Сыртанов заңды бұзған судьяларды қызметінен алу қажет деп санайды. Есесіне, «Қазақ еліндегі бар судьялар Ұлт Мәжілісіне өмір бойы сайланады» - делінген. Осы бапқа тереңірек үңілсек, Барлыбек Сыртанов судьяларды өмірлік етіп тағайындағаннан гөрі парламентте олардың жыл кесілмей сайлануын тәуелсіздікте болуларын қамтамасыз ететін тиімді тетік екенін атап көрсеткендей. Бұл пікірді қазір құқықтық мемлекетті қалыптастырып жатқан тәуелсіз Қазақстан Республикасында да пайдалану артық емес сияқты. Сонымен қатар қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі болып табылатын присяжный соты, судьялардың партияға қатысы да назардан тыс қалмаған:

«27.Присяжный соты ауыр қылмысты істерді шешуге хұқылы. Присяжный саны 7 адам. 28.Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру хұқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алынады» [10, 39].

Жоғарыда айтылғандай, Барлыбек Сыртановтың мамандығы бойынша шығыстанушы болғанымен, заң, құқық мәселелерімен терең айналысқан қайраткер екенін атап өткен жөн. Оның табиғат берген терең ойлау қабілеттілігі, білімге деген құштарлығы, еңбекқорлық қасиеттері көп саланы қамтитын ғылымды меңгеруге мүмкіндіктер берді. Осының айғағы – оның қаламынан туған «Қазақ елінің уставы». Бұл құжат небәрі 28 баптан тұрса да, соған қарамастан мазмұны осы күні де білгір заңгер ғалымдарды қайран қалдырады. Тарихқа үңілсек, Б. Сыртанов 1914 жылдың 26-қарашасында ұзаққа созылған өкпе ауруынан қайтыс болады. Демек, бұл алғашқы Ата Заң оның қан түкіріп, қатты науқастанып жүріп жазған еңбегі болып табылады. Әрине, еңбек оның қаламынан туған дүние болғанымен, қазақ даласына ортақ, Алаш зиялылары көксеген құжат болатын. Міне, осындай адам нанғысыз азаппен, мандай термен, қиыншылықтармен келген құжатты, бүгінгі таңда, қазіргі Конституциямыздың негізі ретінде қолданып жүрсек те, халқымыздың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі, оның жарқын болашағы үшін аянбай тер төккен білімпаз, елді аузына қаратқан қоғам қайраткерлерінің бірі – Барлыбек Сыртановты бүгінгі күнде ұмыт қалдыра бастаған секілдіміз. Сондықтан, мұндай жағдайға жол бермес үшін, бірнеше негізгі ұсыныстарды келтіре кетсек:

1) Жоғарғы оқу орындарында ірі ғалымдардың жетекшілігімен, студенттер арасында «Қазақ елінің Уставы» еңбегіне арналған кіші ғылыми академиялық жұмыстар жасалып қорғалса;

2) «Қазақ елінің уставының» авторы Барлыбек Сыртанов туралы ғалымдардың қатысуымен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, бәйге жарияланып, кітап шығарылса;

3) Сәкен Өзбекұлының көпшілік қауымға арналған Барлыбек Сыртанов атты кітабы тың деректермен толықтырылып, көп тиражбен қайта басып шығарылса;

4) Басылымдарда Барлыбек Сыртанов тұрғысында шығармашылық «Барлыбек Сыртанов тағылымы» деген айдармен рубрика ашылып, танымдық материалдар жарияланып, басты еңбегі «Қазақ елінің уставы» насихатталса.

Қорытындылайтын болсақ, «Қазақ елінің уставы» - әлі де өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқан, әлі де тарихшылардың қаламына ілікпей келе жатқан құнды құжаттардың бірі. Десе де, құқықтанушылардың бұл заңдық құжатпен бейтаныс болуларына хақылары жоқ. Өйткені ол – Қазақ мемлекетінің алғашқы Ата Заңы. Бұлай деуге толық негіз бар. Себебі, Сәкен Өзбекұлының өзі бұл турасында өз пікірін білдірген: «Бұл устав та қазақ даласы үшін «идеал» Заң жобасы болмас еді. Өйткені, Б. Сыртанов бұл құжатта Ресейден қалай азаттық алудың жолдарын көрсеткен жоқ. Дегенмен, құжаттың қай уақытта, қандай жағдайда жазылғанын ескеріп, оның сол кездегі һәм бүгінгі ерекшеліктерін негізге алсақ, *«Қазақ елінің уставын» тұңғыш Ата Заңымыз деп мақтануымызға тұрарлық дүние»*. Өте дұрыс пікір. Алайда, бұл құжат жайы көпшілікке әлі беймәлім, тарихтың ашылмаған көне парағы сияқты қалып қойып отыр. Жоғарыда айтылған «Қазақ елінің уставы» тәуелсіздікті қағаз жүзінде жариялаған болашақ егемен Қазақ мемлекетінің Негізгі Заңының, қазіргі Конституциясының жобасы деп қабылдауымыз тиіс. Оның мазмұнына мұқият талдау жасап қарасақ, әрбір баптары сол заманның талабымен ғана шектелетін емес, керісінше, оның мағынасы осы күнгі тәуелсіз, құқықтық мемлекет құруға бет бұрған Қазақстан Республикасының күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерге өзінің жауабын беріп тұрған сияқты. Себебі, осы ғылыми жұмысымызда бұл нақты өз дәлелін тауып отырды. «Қазақ елінің уставы» - нағыз көрегендіктің белгісі екенін мақтанышпен айта аламыз. **Өкініштісі, оның қаламынан шыққан бұл «Қазақ елінің уставы» ол кезеңде жүзеге асқан жоқ. Кеңестік тоталитарлық жүйеде бұл тіпті де мүмкін емес жағдай болатын. Қазақ халқының дарынды перзентінің арманы ХХ ғасырдың 90-шы жылдары ғана жүзеге асты. Дегенмен, өз заманының шеңберіне, талаптарына сыймай, асқан даналық танытқан қайраткерлерді тек тарих бағалайтыны, асқақтататыны, дәріптейтіні қоғамның заңдылығы. Барлыбек Сыртанов та осындай тағдырдың айғағы екені белгілі.**



### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Конституция: бірлік, тұрақтылық, өркендеу» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. 28 тамыз, 2015 жыл.
2. С. Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов.- Алматы: Жеті жарғы, 1996. –112 бет.
3. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008.
4. С.Б.Алашинский (Б. Сыртанов). Қазақ елінің уставы. 13 маусым, 1911 жыл, С.Петербург. II-бөлім: «Адам баласының хұқы турасында». 14-бап.
5. Ш.Л. Монтескье. Избранные произведения. М., 1955.
6. «Түрік бірлігі», 1992, №1.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз, 1995жыл. - I бөлім, 6-бап, 3-тармақ.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын талқылау бойынша алғашқы онлайн-конференция. Құжаттың негізгі ережелерін түсіндіру бойынша баяндама.
9. Конституция буржуазных государств. М., 1982.
10. С.Б.Алашинский. 13 июнь, 1911 жыл, С.Петербург. Б. Сыртанов архиві, т.1.

УДК 347.7 (075.8)

### **ИНСТИТУТ АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА НАРУШЕНИЕ НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА**

**Хасенов Берикбол Адилбекович**

[berikbol\\_hasenov@mail.ru](mailto:berikbol_hasenov@mail.ru)

Студент 3-го курса, Юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель - С.С.Капсалямова

Система права любого государства, в том числе и нашего казахстанского права регулируют общественные отношения, тем самым устанавливая порядок внутри государства. Нормы права, регулируя те или иные отношения, возникающие внутри государства, используют различные методы. Естественно, при невыполнении конкретных указаний, предусмотренных законодательством, предусмотрена ответственность. Также и в налоговом законодательстве предусмотрена ответственность за противоправные деяние, нарушающие нормы налогового законодательства. Нарушения в налоговой сфере влекут за собой не одну только налоговую ответственность. Действующее законодательство предусматривает следующие виды ответственности за налоговые правонарушения:

- административную — согласно КоАП РК;
- уголовную — по Уголовному кодексу РК;
- дисциплинарную — по правилам трудового законодательства.

В данной работе мы рассмотрим именно институт административной ответственности в сфере налогообложения.

Согласно ст. 35 Конституции Республики Казахстан уплата законно установленных налогов, сборов и иных обязательных платежей является долгом и обязанностью каждого. [1]Соответственно, уклонение, либо ненадлежащее выполнение возложенных налоговых обязательств лицом влечет ответственность, предусмотренных нормами нашего законодательства.

Любому государству для обретения подлинной независимости и самостоятельности необходима, прежде всего, крепкая и стабильная финансовая база. В условиях рыночной экономики, как показывает опыт развитых стран, главной финансовой основой государства являются налоговые поступления в государственный бюджет от населения и хозяйствующих